


ПЕРСОНАЛҒА ДЕГЕН ҚАЗЖЕТТІЛІКТІ ЖОСПАРЛАУ





Персонал-кәсіпорынның (ұйымның) табыс немесе пайда табу мақсатында, өз басының материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірегей өндірістік қызмет атқаратын белгілі бір мамандығы мен біліктілік дәрежесі бар қызметкерлер жиынтығы. оның ішінде әлеуметтік - психологиялық қасиеттері басты рөл атқарады. Персонал - кәсіпорының экономикалық және иновациялық кеністігінің маңызды бөлігі. Алдыңғы қатарлы кәсіпорындар жұмыс кезінде адам ресурстарының басқа ресурстар түріне қарағанда артықшылығын дәлелдейтін философиясымен басшылық етукезінде шаруашылық субъектілерімен табысты іс-әрекетінің негізгі әлеуетті - кәсіпорын персоналында , олардың біліктілігі мен кәсіпорын мүдделеріне берілгенінде екенін жақсы түсінеді .





Персонал

Өнеркәсіптік-өндірістік персоналға өз кезегінде әкімшілік-басқарушылық персонал және өндірістік персонал жатады.

Кәсіпорынның қызметкерлер мен жұмыскерлердің өндірістік және өндірістік еместердің жалпы саны.



Персонал қажеттілігін жоспарлау кадрлық жоспарлау процесінің алғашқы сатысы болып табылады және олар жоспарланған және іс жүзінде бар жұмыс орындары туралы, ұйымдық-техникалық шараларды жүргізу жоспарлары және штаттық кесте мәліметтеріне негізделеді. Әрбір нақты жағдайда персонал қажеттілігін жоспарлауды анықтағанда өз бөлімінің басшылары қатысуы қажет. **Персоналды іріктеу** – ұйымның жеке адам қасиеттеріне қойылатын талаптар идентификациясы; персоналдың сандық және сапалық сипаттамалары ұйымның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін персонал құрамын қалыптастыратын іс-шаралар жүйесі; талапкерлер арасынан олардың психологиялық қасиеттері мен кәсіптік қабілеттерін зерттеу негізінде ұйым қызметіне ең сәйкес келетін персоналды таңдап алу процесі.



Персонал қажеттілігін анықтайтын факторлар:

- **1** персоналдың құрамының санын көбейту;
- **2** сала бойынша білікті маман қажеттілігі;
- 3** кадрлардың тұрақсыздығы мәселесі;
- 4** жұмыс орнының кеңеюі, филиалдардың ашылуы;



Персоналды жоспарлау барысында келесі көрсеткіштер міндетті түрде қажет:

- - бір жұмысшыға жұмыс уақытының қоры және нормалары;
- - сан нормалары;
- - қызмет ету нормалары;
- - басқару нормасы

Персоналды жоспарлау барысында бірқатар қағидала:

- 1. Қызметкерлердің мүдделерін қорғау
- 2. Персоналдың үнемі қозғалыста болуы (үздіксіздік).
- 3. Үйлесімділік (орындардың бірбірімен ауыспалалағы).
- 4. Үнемділік (жоспарлауға кеткен шығындар мейлінше төмен болуы керек)



Персоналға деген қажеттілік

1) сандық – ұйым алдында тұрған міндеттерді орындауға қажетті белгілі бір біліктілігі бар қызметкерлер саны

2) сапалық – белгілі бір сәтте шешілуі қажет міндеттер және жұмыс орындарында қойылатын талаптар тұрғысынан алғанда ұйымдағы біліктілігі әр түрлі қызметкерлер жиынтығы





*Персоналға деген
қажеттілікті жоспарлау*

персоналға деген
сандық және сапалық
қажеттілікті бағалауға
бағытталған кадрлық
бағдарлама. Ол келесі
сұрақтарға жауап
береді: ұйымға қандай
персонал, қанша және
қашан керек?

